

6. Тынышпаев М. Киргиз-казаки в 17 и 18 веках / Кзыл-Орда: Издание Общества изучения Казахстана, 1926. - 18 с.
7. Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шубырынды). - Алма-Ата: Жалын, 1991. - С. 137-149.
8. Тынышпаев М. Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда / Кзыл-Орда: О-во изуч. Казакстана, 1926. - 12 с.
9. Тынышпаев М. Түрік-монғол тарихы // «Сана». - Ташкент, 1923. - №1.
10. Тынышпаев М. Мырза Едіге батыр // «Сана». - Ташкент, 1924. - №2, №3.
11. Тынышпаев М.Т. Краснореченские развалины и город Баласагын // Известия Туркестанского отдела Русского географического общества. Том XVII. Ташкент, 1924. - С. 185-188.
12. Тынышпаев М. Коксуйские развалины и город Кайлак (Койлык) // Труды общества изучения Казакстана (Киргизского края). Отдел истории и этнографии. Том VII, вып. II. Кзыл-Орда, 1926. - С 1-8.

## КЕҢЕС ҮКІМЕТІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ: БІЛІМ БЕРУ МЕН ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚИЫЛЫСЫНДА

**Қуандық М.А.**

Ғылыми жетекшісі: доктор Ph.D Дюсупова С.Т.

Астана халықаралық университеті

Mquandyq@mail.ru

Астана қ.

Кеңес Одағының білім беру жүйесі социалистік идеологияны тарату және нығайту мақсатында маңызды рөл атқарды. Бұл жүйе тек білім берудің құралы ғана емес, сонымен қатар кеңес үкіметінің идеологиясын жастарға жеткізіп, тарихи оқиғаларды өз мақсаттарына сәйкес қайта көрсету құралы болды. Мектеп оқулықтары мен оқу материалдары арқылы өткен ғасырлардағы тарихи оқиғалар тек оқу құралы ретінде емес, кеңес қоғамының құндылықтарын насихаттау үшін қызмет етті. Кеңес үкіметі тарихты өз идеологиясы тұрғысынан қайта жазу арқылы ұлттық санаға әсер етті, бұл әсіресе қазақ халқының тарихын оқытуда айқын байқалды. Сталиндік білім беру жүйесі «құрылымдық басқару» идеологиясының негізінде құрылды. Білім беру жүйесі «жоғардан төмен» қағидатымен басқарылды, яғни билік министрліктерден облыстық және аудандық органдар арқылы мектеп директорларына, мұғалімдерге және оқушыларға дейін жетіп отырды [1, 72 б]. Мектеп кітаптарындағы құрылым оқушыларды тек біліммен ғана емес, сонымен қатар идеологиялық тұрғыдан да тәрбиелеуді мақсат етті. Кеңес оқулықтары арқылы социалистік құндылықтар, «халықтар достығы» мен «әлеуметтік прогресс» идеялары жастардың санасына сіңірілді [2, 4-5 б]. Тарих оқулықтарында орыс халқының қазақ халқына «ұлы ағалары» ретінде көрсетілуі кеңінен таралған үрдіс болды. «Үлкен орыс аға» тұжырымдамасы «республикалар арасындағы халықтар достығы» идеологиясын насихаттау мақсатында енгізілді. Оқулықтардағы тарихи фактілер таңдамалы түрде беріліп, олардың түсіндірмесі социалистік идеологияға икемделді. Кітаптарда білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың идеологиялық тұрғыдан тәрбиеленуіне ықпал етті. Қазақстандағы колонизация мәселесі де кеңестік идеологияға сәйкес қайта жазылды. Кеңес оқулықтарында бұл процесс «халықтар достығы» мен «әлеуметтік прогресс» тұрғысынан түсіндірілді, қазақ халқының қарсылығы мен патша өкіметінің отаршылдық әрекеттері көбінесе ескерілмеді немесе «құтқарушы» рөлін атқарған орыс халқының үстемдігімен ақталды.

Ұлттық сәйкестілік саласындағы классикалық зерттеулер мектеп білімін жастарға ұлттың негізгі құндылықтары мен практикасын беру арқылы ұлтқа жататындық сезімін қалыптастыруда маңызды құрал ретінде қарастырады. Білім беру ұлттық сәйкестілікті қалыптастыру процесінде маңызды рөл атқарады, себебі ол жастардың өздерін белгілі бір мәдени және тарихи қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылдауын қалыптастырады. Осы контексте мектеп оқулықтары тарихи баяндаулар мен саяси идеологияларды жеткізуде маңызды рөл атқарып, коллективті жады мен сәйкестікті қалыптастырудың негізін қалайды. Бенедикт Андерсон ұлттық сәйкестілік «қиялдағы қауымдастықтар» арқылы қалыптасатыны атап өтіледі, мұнда білім беру институттары маңызды рөл атқарады деп есептейді. Өзінің әйгілі *Imagined Communities* (Қиялдағы қауымдастықтар) еңбегінде Андерсон ұлттық сәйкестіктің ұлттық мифтерді, әңгімелерді және символдарды тарату арқылы дамитынын және процессте әсіресе мектеп оқулықтары арқылы жүзеге асатынын айтады. Б. Андерсон

мектеп оқулықтарының ұлт тарихын идеологиялық тұрғыдан қайта қарастырудағы рөлін көрсетеді. Мысалы, Англия тарихында «Жаулап алушы Вильгельм» сияқты фигуралар арқылы тарихи оқиғалар саяси мақсаттар үшін бұрмаланып, ұлттық бірегейлік негізделді. XVIII ғасырдың соңында Румынияда да мектеп оқулықтары ұлттың қалыптасуын көрсетуге бағытталды. Бұл кезеңде кириллицадан романдық әліпбиге көшу румын халқының мәдени айырмашылығын күшейтіп, славян тілдерінен ажыратуды мақсат етті. Оқулықтар арқылы тарихты интерпретациялау идеологияны нығайту мен ұлт құрудың құралына айналады [3, 140, 322 б]. Дәл осындай идеяны батыстық ғалым Э. Хобсбаум да алға тартады, Э.Хобсбаум Габсбург империясының австриялық бөлігінде ұлтаралық қақтығыстар империяның басқарылуын қиындатқан кезеңде, саяси күрестердің мектептерде оқыту тілі ұлттық тиесілік сияқты мәселелер төңірегінде болғанын көрсетеді [4, 187 б]. Хобсбаумның пікірінше, мұндай саяси мәселелер ұлттың мәдени және саяси бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарғанын және мектептер мен қоғамдық қызмет орындары арқылы ұлтты анықтау және қалыптастыру процесі, саяси идеологияның құралы ретінде әрекет еткен. Оқу бағдарламасы объективті шындықты бейнелейтін білім жиынтығы ғана емес, ол саяси, идеологиялық және социокультурлық контексте қалыптасады. Майкл Эпплдің «занды білім» тұжырымдамасына сәйкес, оқу материалдары көбінесе саяси процестердің нәтижесі болып табылады, себебі олар қандай білімдердің «дұрыс» деп саналғанын анықтайды [5, 7 б]. Оқу бағдарламасы саяси құжатқа айналады, ол қоғамдық пікірталастар мен сыни пікірлерге ұшырайды, өйткені ол дүниетаным мен құндылықтарды қалыптастыруға әсер етіп, әлеуметтік құрылымдарды бекітетін құрал болып табылады. Б. Андерсон, Э. Хобсбаум және М. Эппл секілді ғалымдардың пікірінше оқулықтардың теориялық тұрғыдан мемлекеттің ірі саяси құрылымдарының бірі екенін атап өткен болатын. Аталған ғалымдардың бұл идеялары көптеген зерттеулерде, әсіресе советология саласында көрініс тапты. Посткеңестік кезеңде батыс ғалымдары тарапынан басталған советологиялық зерттеулерде аталған ғалымдардың тұжырымдары кеңінен таралып, Кеңес үкіметінің кезеңіндегі саяси процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Кеңес үкіметінің мемлекеттік тарихи білім беру жүйесі арқылы социалистік идеология мен процестерді жылдамдату жайлы отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан бірқатар зерттеулер мен мақалалар жарияланған. Шетелдік зерттеуші Харун Йилмаз 1943 жылы шыққан қазақ тарихы оқулығын зерттей отырып, оның ұлттық мұраны дәріптеуден гөрі, кеңес үкіметінің идеологиясын насихаттау құралы болғанын атап өтеді. Оқулықтың негізгі мақсаты - Ұлы Отан соғысы жағдайында қазақтардың моральдық рухын көтеру және еңбек өнімділігін арттыру, әсіресе колхоздар мен шахталарда [6, 411 б]. Йилмаза кеңестік оқулықты тек патриоттық мақсаттар үшін емес, сондай-ақ саяси манипуляция құралы ретінде қарастырады. Келесі шетелдік зерттеуші Кэролин Киссанің «History Education in Transit: Where to for Kazakhstan?» атты мақаласында кеңес тарихшылары мен оқулық авторларының тарихи баяндауды кеңес идеологиясы тұрғысынан жазуға мәжбүр болғанын атап өтеді. Мысалы, кеңес үкіметі кезінде Мәскеу орыстарды қазақ халқының досымен қатар үлкен ағасы ретінде көрсеткенін атайды [7, 48 б]. Тихонов В.В өзінің «Создавая революционную историю Советского Востока: Туркестанское восстание 1916 г. в советской историографии и пропаганде 1920-1940-х гг.» зерттеуінде 1916 жылғы көтеріліс туралы кеңес тарихнамасын талдауын ұсынады. Зерттеуде көтерілістің идеологиялық контексті мен оның Кеңес үкіметінің жады саясатына қалай ықпал еткенін және мектеп оқулықтарында көтеріліс бейнесі кеңестік идеологияға сәйкес қайта интерпретацияланған [8, 8 б]. Аллан ДеЯнг және Бакыткүл Нәдірбекқызы Redefining schooling and community in post-Soviet Kazakhstan зерттеуінде Кеңес Одағы кезеңіндегі білім беру жүйесі ғылыми және өндірістік дамудан бөлек, социалистік идеологияны таратуға да бағытталды. Әлеуметтік прогресс Кеңес социализміне адалдық ретінде қарастырылып, мектептерден Коммунистік партияға мүше болу арқылы әлеуметтік мобильділік қамтамасыз етілді [1, 73 б]. Білім беру жүйесінің идеологиялық функциясын талдайды. Сонымен қатар зерттеушілер өз жұмыстарында мектеп оқулықтарының ішінде тек қана тарих емес және әдебиетінде идеологиялық негіздерге сүйеніп жазылғанында жеткізеді, Жазира Асанова өз зерттеуінде мектеп оқулықтарында тек тарих емес, әдебиет те идеологиялық негіздерге сүйене отырып жазылғанын көрсетеді. Кеңес Одағы кезеңіндегі әдебиет курсы тек мәдени білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар социалистік моральды қалыптастырудың құралы болып есептелді. Мүмкін, басқа пәндерден гөрі, әдебиет социалистік моральді қалыптастыруы қажеттілігі жоғары [9, 326 б]. Әдебиет курсы Кеңес Одағында идеологиялық ықпалдың бір бөлшегі ретінде қызмет етіп, жастарға социалистік құндылықтар мен коммунистік идеологияны үйретуде маңызды рөл атқарды. Кейбір ғалымдар Қазақстандағы мектептердегі білім беру процесін бірнеше тарихи кезеңге бөліп қарастырады және әр кезеңде білім беру жүйесі идеологиялық қысыммен қалыптасып, саяси мақсаттарды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарғанын атап көрсетеді. Айгерім Мынбаева мен Виктория Погосян "Kazakhstani School Education Development from the 1930s: History and Current

Trends" мақаласында Совет кезеңінде Қазақстандағы білім беру жүйесінің бірнеше кезеңдерден өткенін және әр кезеңнің басты мақсаты сауатсыздықты жою, міндетті орта білімді енгізу болғанын айтады. Сонымен қатар, авторлар білім беру жүйесінің коммунистік идеологияның ықпалымен жүзеге асқанын, мектептердің тек білім беру емес, социалистік құндылықтар мен коммунистік идеологияны жастарға сіңіру мақсатында құрылғанын атап өтеді [10, 168 б]. Білім беру кезеңдерінде мектептер тек білім берумен шектелмей, жастарды социалистік құндылықтар мен коммунистік идеологияға тәрбиелеу мақсатында құрылды. Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде мектептегі тарихи білім беру бағдарламасы және басқа пәндер кеңестік идеологияның маңызды бөлігі болғаны анықталды. Мектеп жасындағы балаларға социалистік Кеңес билігін насихаттау арқылы оларды социалистік, коммунистік құндылықтармен және ұлттар достастығы идеясымен тәрбиелеп, орыс халқын өздерінің үлкен қамқоршы ағалары ретінде көрсету мақсатында білім берілді.

Кеңес үкіметі революциядан кейінгі кезеңде большевиктердің билігі ұлттық мәселелерді, әсіресе орыс емес халықтарының ұлтшылдығын, патшалық билік тарапынан болған қанауға қарсы реакция және орыс шовинизміне деген сенімсіздік ретінде қабылдады. Ленин «ұлы орыс шовинизміне» қарсы тұруды үнемі қайта қарастырып, бұл мәселені өз уақытында ерекше назарда ұстаған болатын. Бұрынғы Ресей империясындағы халықтардың ұлтшылдығы кеңестік билік үшін революциялық мақсаттарда пайдаланылып, буржуазиялық жүйеге қарсы әрекет ретінде қарастырылды [11, 17-21 б]. Қазан революциясындағы жеңіс нәтижесінде Ресей империясының тарихы қайта қарастырылды, оның ішінде М.Н. Покровскийдің жұмыстары маңызды орын алды. Ол Ресей империясының басқа халықтарға қатысты саясатын қайта қарауды ұсынды, орыс емес халықтарды «ұлы орыс шовинизмінің құрбаны» деп атады және Ресей империясының колониалдық сипатын ашып көрсетті. М.Н. Покровский «Ресей - халықтардың түрмесі» терминін енгізіп, Ресейдің «ұлы өркениет таратушы» деген пікірін миф ретінде жоққа шығарды. Сонымен қатар, ИКЦ-де тарихнамалық семинар ұйымдастырылып, оның қатысушылары тарихты таптық тұрғыдан талдады. 1927 және 1930 жылдары семинарлардан шыққан екі тарихнамалық жинақ жарық көрді. З.В. Лозинский С.М. Соловьевтің мұрасын талдап, оның орыс тарихын ғана назарға алғанын, орыс емес халықтардың тарихын елемей, Мәскеу мен Ресей империясының экспансиясын ақтағанын айтты [12, 198-199 б]. 1920 жылдардағы кеңестік тарихнамада М.Н. Покровскийдің көзқарасынан туындаған антиколониалдық тенденциялар байқалды.

Кеңес кезеңіндегі тарих жазу саясаты Сталиннің билігі кезінде түбегейлі өзгерістерге ұшырады. 1934 жылы Сталиннің тапсырмасы бойынша мектеп оқулықтарының мазмұнын қайта қарау жұмыстары басталды. Политбюроның шешімімен тарихты жазудың жаңа бағыттары анықталды, мұнда орыс ұлтының тарихы мен оның басқа халықтармен қарым-қатынасы басты орын алды. 1934 жылы 20 наурызда өткен Политбюро мәжілісінде Сталин мектеп оқулықтары мен оқу бағдарламаларының тарих пәнінде объективті болуын талап етті. Ол оқу кітаптарында социалистік бағытты көрсету қажеттігін айта отырып, тарихты тек фактілермен емес, біртұтас социалистік қоғамның құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін атап өтті. Тарихты жазу саясатының нақты көрінісі 1934 жылдың мамырында жарық көрген тарих оқулығында көрініс тапты. Мектеп оқулықтары тек Ресей империясының тарихын ғана емес, сондай-ақ оның құрамындағы халықтардың тарихын да «құпия идеология» тұрғысынан қайта жазу қажеттігі ұсынылды. Бұл тұрғыда әсіресе «колониализм» тұжырымдамасы қолданылып, Ресейдің империялық саясатын «пайдалы» деп көрсету үшін жаңа көзқарас енгізілді. Сталиннің жеке өзі де тарихтың жаңа интерпретациясын талап етті. 1934 жылғы Политбюро мәжілісінде, оның айтуынша, «Өткендегі орыс халқы басқа халықтарды жинады, және дәл осы нәрсе совет социалистік идеологиясының негізгі бөлігін құрады». Сталиннің колониализмді ақтауы оның «тарихи миссиясы» ретінде орыс халқының басқа халықтарды басқару рөлі туралы көзқарасын нақтылады. 1930-жылдары сталиндік идеологияның негізінде Ресей империясының «колониалды» саясаты мен ұлттық халықтардың арасындағы теңсіздікті көрсететін жаңа тұжырымдама қалыптасты. Жаңа тұжырымдама «шамалы зұлымдық» және «үлкен зұлымдық» ұғымдарына негізделіп отырып, Сталин Қазақстан мен Грузия сияқты елдердің Ресейге қосылуын «Польша, Қытай немесе Түркияға қосылудан гөрі жеңіл зұлымдық» деп көрсетті [13, 462-463 б]. Сонымен қатар, Ресей империясын «мәдени отаршы» ретінде сипаттаған жаңа идеология өзінің қарсыластарын әлсірету үшін тарихқа жаңа түсінік енгізді. Сталин билік құрған кезеңде КСРО тарихын жазу барысында орыс халқының ұлы құтқарушы бейнесі қалыптасты. Ресей империясының Қазақстанды немесе басқа халықтарды өз құрамына қосуын тарихшы М.Н. Покровский пайымдауындағы ұлы колониализм ретінде емес, тарихи қажеттіліктен туындаған құтқарушылық миссия ретінде сипаттады. Оның пікірінше, Ресейдің осы халықтарды қосуы дамудың алғышарты

болып табылатын «шамалы зұлымдылық» еді. Сталиннің тұжырымдамасы орыс ұлтының империялық кеңеюін тарихи дамудың маңызды кезеңі ретінде көрсету мақсатында енгізілген болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыс тотальды сипатта болды, онда ішкі фронтты мобилизациялау маңызды рөл атқарды. Кеңес үкіметі халықты соғысқа тарту мақсатында және сарбаздардың рухын көтеру үшін патриоттық пропагандалық кампания жүргізді. П(б)К Орталық Комитетінің бюросы агитация және пропаганда жұмыстарына жетекшілік етіп, Қазақстандағы халықты мобилизациялау шараларын іске асыруды қолға алды. Сонымен қатар, бюро қазақ тілінің және қазақ халқының ерлік тарихының маңыздылығын түсініп, оны қазақ халқына арналған агитацияда пайдалануды маңызды деп санады [6, 413 б ]. Соғыс уақытында Ер-Едіге батырдың бейнесі халықтың еркіндігі үшін күрескен, қазақтарды феодалдық жаулардан қорғаған дана батыр ретінде пайдаланылды. Ә.Марғұланның «Ер-Едігенің магистраттық билікке қарсы күресі» атты брошюрасында ол халықтың тәуелсіздігі үшін күрескен, патриоттық ерлік жасаған, ержүрек батыр ретінде сипаттап, Ер-Едіге ерлігі болашақтағы қазақтың еркіндік үшін күресуші батырларына, соның ішінде Сырым Датов, Кенесары Қасымов, Исатай Таймановтарға үлгі етіп тұтылды деген пікірді алға тартты [6, 416 ]. Алайда, Кеңес кезеңінде Едіге бейнесі өзгеріп, ол феодал ретінде халықты қанаушы тұлға ретінде қарастырыла бастады, бұл тарихи оқиғалардың жаңа идеологиялық тұрғыдан қайта жазылғанын көрсетеді. Соғыс уақытында, 1943 жылы М.Панкратова мен М.Абдықалықовтың «История Казахской ССР с древнейших времён до наших дней» атты томдық еңбегінде қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресі жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан қарастырылды [14, 173 б]. Алғашқы қазақ тарихына арналған томдық еңбекте Сырым Датұлы мен басқа да қазақтың ұлт-азаттық қозғалыстары патшалық езгіге қарсы көтеріліс етіп баяндалды. 1943 жылы шыққан кітап үлкен дау тудырды Г.Ф. Александров, ЦК-ның Агитация және насихат бөлімінің бастығы, М.Панкратованың жұмысын «орыс халқына қарсы» деп атап Г.Ф.Александров орыстарға орталықтанған көзқарасты талап етті. Алайда А.М. Панкратова кітапты қорғап, авторлар «шамалы зұлымдық» теориясын ұстанғанын дәлелдеуге тырысты [13, 463-464 б].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО - ның жеңісімен аяқталуының нәтижесінде ендігі кеңес халықтарының тарихын жазылуының жаңа тәртіптері қалыптасты. Соғыстан кейін КСРО халықтарының тарихын жазуда орыс халқының «аға бауыр» ретіндегі бейнесі айқындалды. С.К. Бушуев пен А.И. Яковлев сияқты тарихшылар орыс ұлтының мүдделерін тарихтың басты ортасына қою қажеттігін айтты. Орыс халқына қарасты ағалық идея кеңес партиясының жоғары лауазымды тұлғалары, соның ішінде А.А. Жданов тарапынан қолдау тапты. Кенесары Қасымұлы көтерілісі «анти-ресейлік» ұлтшылдық ретінде қарастырылып, теріс бейнеленіп. Кеңес тарихнамасында орыс халқының жетекшілігімен халықтар достығы дәріптелді, «анти-ресейлік» қозғалыстар мен тұлғалар теріс бағаланды [13, 468-469 б ]. Сталин кезеңінде және екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі уақытта орыс халқының «ағалық» рөлі кеңес мектеп оқулықтарында айқын көрініс тапты. Қазақ халқының Ресей империясына қосылу процесі социалистік идеология тұрғысынан түсіндіріліп, орыс халқының саяси және мәдени «көшбасшылығы» дәріптелді. Бұл көзқарас мектеп оқулықтарымен шектелмей, 1943 жылы жарияланған Қазақ ССР әнұранында да айқын көрініс тапты. Әнұранда «Одақтас, ұрандас елдердің қамқоры, көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына» [14] деген жолдармен Ресейдің орыс халқының ағалық рөлі дәріптелді. Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеуден эвакуацияланған кеңестік тарихшылар қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің көмегімен қазақ тарихын жазуға пайдаланылды. М.Әуезов, С.Мұқанов секілді жазушылар мектеп оқулықтарын әзірлеуге қатысқанымен, ол тек ғылыми орталарда жарияланып, орта мектептер үшін оқулықтар шықпады. Оқулықтардың жарияланбауына мазмұндағы ұлттық мәселелерге байланысты туындаған дискуссиялар себеп болды. Тарихшылар Қазақстанның Ресейге қосылуының мәнін дұрыс ашып, Ресейдің өркениет рөлін жеткізе алмады және «қазақ халқының Ресейге қосылуының прогрессивті мәнін» айқындай алмады [15]. Нәтижесінде мектеп оқушыларына қазақ тарихын жазу барысында коммунистік идеологиялары мен қатар ұлттық мәселелерді қамтылды.

Мектеп оқушыларына арналған қазақ тарихы 1958-1959 оқу жылынан бастап орта мектептерде Қазақ ССР тарихы пәні оқытылуға бастады, бастапқыда 8-сыныпта, 1959-1960 жылдары 9-сыныпта, келесі жылы 10-сыныпта. 1962-1963 оқу жылынан бастап Қазақстан тарихы курсы 4-сыныптан бастап оқытыла бастады [16, 31 б]. Осы жазылған мектеп оқулығында жоғарыда аталған догматтар қамтылды. 1974 жылы жарық көрген 4-сыныпқа арналған «Рассказы по истории Казахской ССР» және 1991 жылғы «Рассказы по истории Казахской ССР : пособие для V класса» оқулықтарында Қазақстанның Ресей империясына «бейбіт түрде кіруі» арнайы тақырыпша ретінде берілді. Онда XVIII ғасырда қазақ хандығының саяси бытыраңқылығы мен Жоңғар шапқыншылығының күшеюі қазақтарды сыртқы қауіптен «қорғай алатын күш» ретінде Ресейді таңдауға мәжбүр еткен жағдай ретінде түсіндірілді [17, 23 б ], [18, 21 б ]. Осы нарратив негізінде оқулық Әбілқайыр ханды Ресейге сүйенген көреген саяси

қайраткер ретінде сипаттап, оның қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатқан стереотиптік бейнесін қалыптастырды.

Кеңес Одағының білім беру жүйесі социалистік идеологияны таратуда маңызды рөл атқарды, әсіресе тарих пәні арқылы. Кеңес оқулықтары тарихи оқиғаларды таңдап, бұрмалап көрсетіп, Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасты "ұлттық достық" ретінде дәріптеді, қазақ халқының қарсылығын елемей, орыс халқын «құтқарушы» ретінде көрсетті. Кеңестік тарихты қайта жазу процесі Кеңес идеологиясының негізінде қалыптасып, жалпы одақтық бірегейлік қалыптастыруға бағытталды. Бенедикт Андерсон мен Эрик Хобсбаум сияқты ғалымдар білім берудің ұлттық сәйкестікті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. Посткеңестік Қазақстанда осы кеңес тарихнамасын қайта қарау, ұлттық сәйкестікті қалпына келтіруге ұмтылыс болып табылады. Кеңес кезеңіндегі білім беру жүйесінің тарихи білімді идеологиялық мақсаттар үшін пайдалану механизмі, бүгінгі таңда тарихи жады мен ұлттық сана қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Alan J. DeYoung & Bakhytkul Nadirbekyzy (1997) 9. Redefining schooling and community in post Soviet Kazakhstan, *Journal of Education Policy*, 12:1-2, 71-78.
2. Турлугутов Т. Методическое руководство к учебнику «История Казахской ССР» для 9-10 классов (на казахском языке) / Т. Турлугутов. - Алматы : Мектеп, 1973.
3. Андерсон Бенедикт. Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма / Пер. с англ. В. Николаева; вступ. ст. С. П. Баньковской. - М.: Кучково поле, 2016. - 416 с.
4. Хобсбаум, Э. Нации и национализм после 1780 г. / Э. Хобсбаум; Пер. с англ. А. А. Васильев. - СПб: Алетейя, 1998. - 416 с
5. Apple M. (1979) *Ideology and curriculum* (London and Boston, Routledge & Kegan Paul).
6. Harun Yilmaz (2012) History writing as agitation and propaganda: the Kazakh history book of 1943, *Central Asian Survey*, 31:4, 409-423, DOI:10.1080/02634937.2012.738852
7. Киссан К. Историческое образование в переходный период: куда идет Казахстан? / К. Киссан // *Сравнительное образование*. - 2005. - Т. 41, № 1. - С. 45-69.
8. Тихонов В. В. Создавая революционную историю Советского Востока: Туркестанское восстание 1916 г. в советской историографии и пропаганде 1920- 1940-х гг. // *Электронный научно-образовательный журнал «История»*. - 2024. - Т. 15. - Выпуск 3 (137).
9. Jazira Asanova (2007) Teaching the canon? Nation-building and post-Soviet Kazakhstan's literature textbooks, *Compare*, 37:3, 325-343.
10. Mynbayeva A., & Pogosian V. (2014). Kazakhstani School Education Development from the 1930s: History and Current Trends. *Italian Journal of Sociology of Education*, 6(2), 144-172.
11. Мартин Т. Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939 / Т. Мартин; [пер. с англ. О. Р. Щёлоковой]. - М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. - 855 с. : ил. - (История сталинизма).
12. Тихонов В. «Деколонизация» истории народов СССР в советской историографии (1920-1930) // *Quaestio Rossica*. 2024. Т. 12, № 1. С. 193-208. DOI 10.15826/qr.2024.1.873.
13. Советский национальный проект в 1920-1940-е годы: идеология и практика [Текст] / Д.А.Аманжолова, К.С. Дроздов, Т.Ю. Красовицкая, В.В. Тихонов; М.: Новый Хронограф, 2021. 576 с.
14. Гимн Казахской ССР // Википедия. - Режим доступа: [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%93%D0%B8%D0%BC%D0%BD\\_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B9\\_%D0%A1%D0%A1%D0%A0](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%93%D0%B8%D0%BC%D0%BD_%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B9_%D0%A1%D0%A1%D0%A0) - (дата обращения: 27.11.2025).
15. Сембинов М. Становление национальной истории Казахстана. В сб.: *Национальные истории в советском и постсоветских государствах*. /Под ред. Аймермахера К., Бордюгова Г. С./ - С. 179-194. - Москва: АироXX, 1999. - 446 с.
16. Сарсекеев Б.С. Тенденции развития школьного учебника истории // *Қазақ білім академиясы Қазақстан Республикасы ғалымдары мен педагогтерінің қоғамдық ұйымының журналы*. - Алматы, 2008. - № 9608-Ж. - С. 136-152. - УДК 371.671.1.
17. Рассказы по истории Казахской ССР: пособие для IV класса. - 11-е изд. Пер. с казахского Г. Ермекбаева. - Алма-Ата: Мектеп, 1974. - (Утверждено Министерством просвещения КазССР).
18. Рассказы по истории Казахской ССР : пособие для V класса. - Алма-Ата : Рауан, 1991. - (утв. Министерством народного образования Казахской ССР).